



Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одақтың Іскерлік кеңесінің өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 38 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 121 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одақтың Іскерлік кеңесінің өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік кеңесі туралы Ережеге қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 16 сәуірдегі
№ 38 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одақтың Іскерлік кеңесінің өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік кеңесі туралы ережеге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 5-тармақтағы "комиссия Алқасының Төрағасы" деген сөздер алып тасталсын.

2. 8 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (Министр) Консультативтік кеңестің төрағасы болып табылады."

3. 10 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Консультативтік кеңес төрағасының орынбасары Іскерлік кеңес төралқасының төрағасы болып табылады. Консультативтік кеңестің төрағасы болмаған жағдайда осы Ереженің 9-тармағында көзделген консультативтік кеңес төрағасының функцияларын оның орынбасары орындайды."

4. 11-тармақтағы "Алқа Төрағасы Хатшылығының басшысы" деген сөздер "кәсіпкерлік қызметті дамыту департаментінің директоры" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 15-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

6. 16-тармақтағы "қамтамасыз ету жөніндегі жиынтық-талдамалық функциялар" деген сөздер "қамтамасыз ету" деген сөзбен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК